

# Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академиясы

**Кафедра:** Акушерия және гинекология курсымен алғашқы медициналық санитарлық жәрдем

Жалпы практика дәрігерінің жұмысын ұйымдастыру. Дәрігерлік амбулатория жұмысының менеджмент негіздері. БМСК жағдайында стационарды ауыстыратын технологияларды енгізу.

**Дайындаған:** ЖТД – интерн Абдыкалик Т

**Тобы:** 613

**Қабылдаған:** Югай.Н.В



- ❖ I. Кіріспе
- ❖ II. Негізгі бөлім  
ЖТД – нің жұмысын ұйымдастыру  
ДАЖ- ның менеджмент негіздері
- ❖ III. Қорытынды



Амбулаториялық – емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметі туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 5 қаңтардағы № 7 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 14 ақпанда № 6774 тіркелді.

1. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) амбулаториялық-емханалық көмек (бұдан әрі – АЕК) көрсететін, бастапқы медициналық-санитариялық көмек (бұдан әрі – БМСК) және консультациялық-диагностикалық көмек (бұдан әрі – КДК) көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін реттейді.
2. БМСК мамандары (жалпы практика дәрігері, учаскелік дәрігер-терапевт/педиатр, учаскелік мейірбике/жалпы практика мейірбикесі, қалалық немесе аудандық емхананың және оның құрылымдық бөлімшелерінің фельдшері, акушері) БМСК-ні қалалық немесе аудандық емханаларда және оның құрылымдық бөлімшелерінде көрсетеді:



## *Ауылдық емхана*

Ауылдық емхананың құрамына мыналар кіреді:

- 1) жалпы дәрігерлік практика/учаскелік қызмет бөлімшесі;
- 2) профилактика және әлеуметтік қызметтер бөлімшесі;
- 3) консультациялық-диагностикалық көмек бөлімшесі.



*Дәрігерлік амбулатория /жалпы дәрігерлік  
практика/учаскелік қызмет бөлімшесі*

Отбасы денсаулығы орталығы № 796 бұйрыққа сәйкес БМСК (дәрігерге дейін, білікті) көрсететін дербес заңды тұлға немесе қалалық немесе аудандық емханалардың құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Отбасы денсаулығы орталығы халыққа амбулаториялық жағдайларда, үйде, күндізгі стационарда, үйдегі стационарда (дәрігерге дейін, білікті) БМСК көрсетеді және өзіне мыналарды қамтиды:



- 1) пациенттерге жіті және созылмалы аурулар, жарақаттанулар, уланулар кезінде немесе басқа шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі және шұғыл медициналық көмек көрсету;
- 2) ауруларды ерте анықтау мақсатында пациенттерді тексеру;
- 3) пациенттерді емдеу;
- 4) стационарлық емдеуге мұқтаж тұлғаларды емдеуге жатқызу;
- 5) "Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілетін көлемі шеңберінде стационарға жоспарлы емдеуге жатқызуды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6380 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 3 шілдедегі № 492 бұйрығына сәйкес пациенттерді емдеуге жатқызуға жіберу;



- 6) науқастарды қалпына келтіре емдеу;
- 7) диспансерлеу мен профилактикалық тексерулер;
- 8) осы ережеге қосымшаға сәйкес медициналық қызметтердің аз көлемін көрсету;
- 9) № 446 бұйрыққа сәйкес бекітілген халықты дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету;
- 10) инфекциялық аурулар ошақтарында санитариялық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар өткізу;
- 11) еңбекке жарамдылығын тұрақты жоғалтқаны анықталған науқастарға уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасын өткізу, Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органына еңбекке жарамдылығын тұрақты жоғалтқан тұлғаны жіберу;
- 12) халықты гигиеналық тәртіптерге, оның ішінде отбасы, ананы, әкені және баланы қорғау мәселелеріне үйрету;
- 13) халықты қауіпсіз ауыз сумен қамтамасыз ету, тиімді тамақтану мәселелерін түсіндіру;
- 14) иммунопрофилактиканы ұйымдастыру және өткізу;



*Отбасы денсаулығы орталығының құрамына мыналар кіреді:*

- 1) бөлімше меңгерушісінің кабинеті;
- 2) жалпы практика дәрігерлерінің қабылдау кабинеті, участкелік қызмет (терапевт/педиатр дәрігер), акушер-гинеколог дәрігер, мектепке дейінгі балалар мекемелерімен және оқу орындарымен жұмыс жөніндегі педиатр дәрігердің кабинеттері;
- 3) күндізгі стационар;
- 4) оқшаулауыш;
- 5) қосымша бөлімшелер: медициналық статистика мен талдау кабинеті; ақпараттандыру кабинеті; стерилизация кабинеті;
- 6) тіркеу бөлімі.
- 7) акушериялық қабылдау кабинеті (тексеру);
- 8) ем-шара кабинеті;
- 9) егу кабинеті;
- 10) зертхана;





- 11) физиотерапиялық емдеу кабинеті;
- 12) химизатор кабинеті;
- 13) қақырық жинау кабинеті;
- 14) Профилактика мен әлеуметтік қызметтер бөлімшесінің құрамына мыналар кіреді:
  - бөлімше меңгерушісінің кабинеті;
  - дәрігерге дейінгі кабинет;
  - акушериялық қабылдау кабинеті (тексеру);
  - салауатты өмір салты кабинеті;
  - отбасын жоспарлау кабинеті;
  - дені сау бала кабинеті;
  - әлеуметтік қызметкердің кабинеті;
  - психолог кабинеті;
  - диабет, демікпе, артериялдық гипертензия, босануға дайындау, жас ана және т.б. бейіндегі мектептер;
  - жастар денсаулық орталығы.



*Фельдшерлік-акушериялық  
пункт, медициналық пункт*

Фельдшерлік-акушериялық пункт, медициналық пункт денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен медициналық көмек түрлері мен көлемдеріне сәйкес дәрігерге дейінгі көмек көрсететін дәрігерлік, амбулатория, қалалық және аудандық емханалардың құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Фельдшерлік-акушериялық пункттің, медициналық пункттің мамандары БМСҚ (дәрігерге дейінгі) көмек көрсетеді:

- 1) пациенттерге жіті және созылмалы аурулар, жарақаттанулар, уланулар кезінде немесе басқа шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі және шұғыл медициналық көмек көрсету;
- 2) инфекциялық аурулар ошақтарында санитариялық-індетке қарсы консультациялық (профилактикалық) іс-шаралар өткізу;



3) № 907 бұйрыққа сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіпте және мерзімде статистикалық есепті және есеп беруді, оның ішінде электрондық форматта жүргізу;

4) халықтың арасында бұқаралық ақпарат құралдарын, стендтерді, көрнекі ақпаратты ресімдеп, аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ тұрақты негізде холдарда және күту залдарында аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы аудио-бейне материалдарды жалдау;

5) жедел және дағдарыс жағдайларында өзіне және өзара көмек көрсету әдістеріне халықты үйрету жолымен азаматтардың денсаулығын сақтау процесіне халықты қамту, өзін өзі сақтау тәртібіне дағдыландыру мақсатында мектептер, клубтар, қорғаушы топтар, қоғамдық кеңестер құру, волонтерлер мен көшбасшыларын дайындау;

6) халықты гигиеналық тәртіптерге, оның ішінде отбасы, ананы, әкені және баланы қорғау мәселелеріне үйрету;

7) халықты қауіпсіз ауыз сумен қамтамасыз ету, тиімді тамақтану мәселелерін түсіндіру;



- 8) иммунопрофилактиканы ұйымдастыру және өткізу;
- 9) дәрігердің тағайындауларын орындау;
- 10) медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыруға жолдама;
- 11) № 446 бұйрыққа сәйкес дәрілік заттар айналысы саласындағы заңнамада белгіленген тәртіпте бекітілген халықты дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету;
- 12) № 685 бұйрыққа сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіпте профилактикалық және скринингілік бағдарламаларды іске асыруды қамтамасыз ету;
- 13) қызмет көрсетілетін аумақтық учаскелер бөлігінде скринингілік зерттеулерге жататын бекітілген халықтың ішінен тұлғалар тізімін құрастыру;
- 14) бекітілген халықтың ішінен нысаналы топтағы тұлғаны профилактикалық тексерулерден және қажетті көлемді көрсете отырып, скринингілік зерттеулерден өту қажеттілігі туралы хабардар ету;



- 15) профилактикалық және скринингілік тексерулерге жататын тұлғаларды, зерттеу көлеміне сәйкес, оның ішінде бейін мамандарымен, зерттеудің уақытын және кестені белгілеу;
- 16) өткізілген профилактикалық және скринингілік нәтижелер бойынша аурулардың қауіп факторлары бар халықтың нысаналы топтарын қалыптастыру және мониторингін өткізу;
- 17) аурулардың қауіп факторлары бар тұлғаларды және науқастарды салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметімен бірлесіп, профилактика мен салауатты өмір салтын қалыптастыру әдістеріне үйретуді өткізу;
- 18) аурулардың созылмалы түрлерінен зардап шегетін тұлғалардың патронажын тұрақты негізде өткізу;
- 19) әлеуметтік қызметкердің және психолог/дәрігер-психотерапевтің кеңес беруін ұйымдастыру;



*Фельдшерлік-акушериялық пунктiң, медициналық пунктiң өзiнiң құрамына мыналар кiредi:*

- 1) орта медицина қызметкерiнiң кабинетi;
- 2) акушериялық қабылдау кабинетi (тексеру);
- 3) ем-шара кабинетi;
- 4) егу кабинетi;
- 5) химизатор кабинетi;
- 6) қақырық жинау кабинетi;
- 7) науқастарды оқашалайтын бөлме;
- 8) ақпараттандыру кабинетi.



## *Консультациялық-диагностикалық көмек бөлімшесі*

- 1) бөлімше меңгерушісінің кабинеті;
- 2) бейінді мамандардың консультациялық қабылдау кабинеттері;
- 3) сәулелік диагностика кабинеттері (рентгенологиялық диагностикалар, флюорографиялар, ультрадыбыстық диагностикалар);
- 4) функционалдық диагностика кабинеттері;
- 5) эндоскопиялық зерттеу кабинеттері;
- 6) физиотерапиялық емдеу кабинеттері;
- 7) зертханалар;
- 8) медициналық техниктер кабинеттері;
- 9) орталық зарарсыздандыру бөлімшесі;



- 10) хирургиялық бейін төсектерімен амбулаторлық хирургия орталығы (күндізгі стационар);
- 11) ішкі аудит бойынша сарапшы дәрігердің кабинеті.

Консультациялық-диагностикалық көмек бөлімшесі стационарлық көмек көрсететін қалалық, аудандық және ауылдық емханалардың, сондай-ақ стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымындағы құрылымдық бөлімше болып табылады және № 796 бұйрыққа сәйкес мамандандырылған медициналық көмек көрсетеді.

Консультациялық-диагностикалық көмек бөлімшесінің бейінді мамандары амбулаториялық жағдайда халыққа күндізгі стационарда, үйдегі стационарда мамандандырылған медициналық көмек көрсетеді және мынаны қамтиды:





- 1) мамандандырылған медициналық көмек көрсету;
- 2) зертханалық-диагностикалық көмек көрсету;
- 3) отбасы денсаулығы орталығы мамандарымен бірге қауіп факторлары мен аурудың ерте және жасырын түрін анықтауға бағытталған скринингілік зерттеулерді, алдын алу шараларын жүзеге асыруды;
- 4) пациенттерді тексеруді және емдеуді;
- 5) стационарға емдеуге жатқызуға жіберілген пациенттерге емдеуге жатқызуға негізделген көрсеткіштерін көрсете отырып, консультация беруді;



6) науқастарды қалпына келтіре емдеуге ұсыныстар;

7) науқастың уақытша еңбекке жарамсыздығын, уақытша еңбекке жарамсыздығын негіздеу және еңбекке қабілеттілігі белгісін жоғалтқан тұлғаларды сараптауды;

8) № 907 бұйрыққа сәйкес статистикалық есепті және есептілікті жүргізу, статистикалық деректерді талдау.

9) салауатты өмір салтын насихаттау, бейін бойынша денсаулық мектебін ұйымдастыру және жүргізу.

19. Мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін консультациялық-диагностикалық көмек көрсету бөлімшесінің құрамына мыналар кіреді:



## *Консультациялық- диагностика орталығы/ емханасы*

Консультациялық-диагностика орталығы/емханасының мамандары мыналарды қамтиды:

- 1) халыққа амбулаториялық жағдайда, күндізгі стационарда мамандандырылған, жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету;
- 2) ауруды диагностикалау, емдеу және алдын алудың қазіргі заманғы әдістерін қолдана отырып пациенттерді тексеру және емдеу;
- 3) аурудың дамуы және күшеюін болдырмауға бағытталған алдын алу іс-шараларын іске асыру;
- 4) зертханалық-диагностикалық көмек көрсетуді жүзеге асыру;
- 5) стационарға емдеуге жатқызылуға жіберілген пациенттерге емдеуге жатқызуға негізделген көрсеткіштерді көрсете отырып, консультациялар беру;



6) науқасты қалпына келтіре емдеуге ұсыныстар беру;

7) науқастың уақытша еңбекке жарамсыздығын, уақытша еңбекке жарамсыздығын негіздеу және еңбекке қабілеттілігі белгісін жоғалтқан тұлғаларды сараптау;

8) № 907 бұйрыққа сәйкес статистикалық есепті және есептілікті жүргізу, статистикалық деректерді талдау.

Консультациялық-диагностика орталығының құрамына мыналар кіреді:

1) арнайы мамандардың қабылдау кабинеттері;

2) сәулелік диагностика кабинеттері (рентгенологиялық диагностикалар, флюорографиялар, ультрадыбыстық диагностикалар, ядролық медицина);

3) функционалдық диагностика кабинеттері;



- 4) эндоскопиялық зерттеулер кабинеттері;
- 5) зертханалар;
- 6) медициналық техниктер кабинеттері;
- 7) орталық зарарсыздандыру бөлімшесі;
- 8) хирургиялық бейіндегі төсектерімен амбулаторлық хирургия орталығы (күндізгі стационар);
- 9) атқарушы құрылымдар: медицина статистигінің және талдау кабинеті, ақпараттандыру;
- 10) тіркеу бөлімі;
- 11) ішкі аудит бойынша сарапшы дәрігердің кабинеті.



*БМСК жағдайында стационарды ауыстыратын  
технологияларды енгізу*

- ❖ Госпитализацияны болдырмайды
- ❖ - мамандарды және диагностиканың жоғары технологиялық әдістерді қолдану қажеттілігін қысқартады
- ❖ - аз шығын шығарып медициналық көмектің әсерін қамтамасыз етеді.
- ❖ Жақсы дайындалған жалпы тәжірибелік дәрігер 90%-дан аса ауруға диагноз қойып емдей алады